

Гүлдана Мұхтарбекқызы

БАУЫРСАҚ ҚАЙДАН КЕЛЕДІ?

Ертегі

Астана-кітап
Алматы, 2021

ӘӨЖ 821.512.122-93

КБЖ 84 (5Қаз)

М 86

Мұхтарбекқызы Гүлдана

М 86 Бауырсақ қайдан келеді?: Ертегі. / Мұхтарбекқызы Гүлдана. - Алматы: Астана-кітап, 2021. - 32 б.

ISBN 978-601-7595-45-6

Үлпілдек бауырсақ қайдан келеді? Егіншілер ауылына келген Әлиханды осы сұрақ мазалайды. Сонда оған атасы патша мен диканшы туралы ертегіні баяндап береді. Ертегі не жайында болды? Әлихан одан қандай ой түйді?

Бұл ертегі баланы жүйелі ойлауға, кез келген қиындықтан шығудың жолы бар екенін көрсетеді. Еңбектену мен тапқырлықтың үлгісі болған ертегі кейіпкері баланы адал еңбекке ынталандырады.

ӘӨЖ 821.512.122-93

КБЖ 84 (5Қаз)

ISBN 978-601-7595-45-6

© Астана-кітап, 2021

БАУЫРСАҚ ҚАЙДАН КЕЛЕДІ?

Ертегі



Ауыл

Күз. Жеміс піскен уақыт. Әлихан атасы мен әжесінің ауылына келді. Олар астық өсіретін өлкеде тұрады. Атасы диқан-агроном болып жұмыс істейді. Ал әжесі сол ауылдың наубайханасында нан пісіреді.

Әлихан ауылға келсе, әжесі дәмі тіл үйіретін бауырсақ пісіріп қойыпты. Ол бірнеше бауырсақты асап-асап жеп алды. Қаймақ қатқан шәй ішіп отырып:



- Әже, бауырсағыңыз балдай екен! – деп мақтады, немересі.
- Ас болсын, балам! Еңбектің наны әрқашан тәтті болады. Бұл бауырсақ дастарқанға келгенше қанша адам тер төкті.
- Ааа, солай ма, әже? Сонда мына бауырсақ қайдан келді?
- Сұрақ деп осыны айт! Бұған атаң жақсы жауап береді, – деп әжесі атасына сөз берді.

ААА, СОЛАЙ МА ӘЖЕ?
ҚАЙДАН КЕЛДІ? СОНДА БАУЫРСАҚ





– Жүз естігенше, бір көрген артық. Екеуміз шайдан кейін егістік басына барайық. Сол жерде көрсетемін, – деді атасы асықпай шай ішіп отырып.

Сөйтіп, Әлихан атасының көлігіне отырып, егістікке жол тартты. Алыстан комбайндар мен тракторлар көрінді. Сарыарқаның күзгі самалы Әлиханның тынысын ашты.